

САМАРА-ШЫМКЕНТ ТРАССАСЫНДА
ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Аудан әкімі Азамат Бекеттің қала халқымен кездесуі ұйымдастырылды. Алдымен кездесу 22 квартал ықшам ауданының тұрғындарымен, одан кейін жалпы қала халқымен өткізілді.

Жиында аудан басшысы әдет-төгідей өңірде атқарылған және қолға алынатын жұмыстарға тоқталып, кезекті тұрғындардың сауалдарына берді.

22 квартал ықшам ауданының тұрғындарымен өткен кездесуде негізінен көшелерді жарық шамдармен қамтамасыз ету, жолдарға асфальт төсеу сұралды. Бұндай талап-тілектерге аудан әкімі барлық жұмыстар кезек-кезегімен атқарылып, ұсыныстар ескеріліп жатқанын айтты.

Сондай-ақ бұнда да көшеде ит-мысықтың көп екені айтылды. Аталмыш мәселе бойынша аудандық ветеринариялық станцияның директоры Піржан Әлиев жауап берді.

— *Иттерге чип таағып, есепке алу шаралары жүріп жатыр. Биыл өңір бойынша 1000 ит және 185 мысыққа чип тааылмақ. Бұндай жұмыстар иттерді жою мақсатында емес, олардың көбеюін алдын алу мақсатында іске асуда, —* деді ол.

Айта кетерлігі, иттерге қатысты шағымдар осы уақытқа дейін ұйымдастырылған барлық кездесулерде айтылып келеді.

Бұдан бөлек жиында вандализм мәселесі де қозғалды: «Қала бойынша көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Бірақ өкінішке орай, тұрағындардың жаңадан орнатылған нысандарды бұзып кетуі, қоқыс шашуы жалғасуда. Бұндай іс-әрекеттер көбіне балалардың тарапынан болады. Сондықтан ата-аналардан өз балаларына қала көркін кетірудің дұрыс емес екенін түсіндіру сұралады. Сонымен қатар жақында сенбіліктер ұйымдастырылады. Тазалық жұмыстарына барлығымыз бір кісідей атсалысуымыз қажет», — деді А. Бекет.

Кездесуде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Біржанов сөз алып, тұрғындарға хабарлама жасады. Ол өңірде ерекше қызығушылықтары бар, жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай қарттардың көп екенін айта келе, оларды белгілі бір жиындарға немесе марапаттауға шақыру үшін қариялардың нақты мекен-жайы мен байланыс нөмірін табу қиынға соғатынын



жеткізді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы облыстық басылымдар мен телеарналарға шығару мақсатында жақында ауданымызда тапанша-пулемет және мылтықтың көз көлген түріне арналған бірігей құрылғы ойлап тапқан зейнеткер Дияр Гильмановтың байланыс нөмірін сұрап, журналистер хабарласқанын, бірақ оны таппағанын мысалға келтірді.

№6 Хромтау гимназиясының

оны ауа-райына байланысты қолға ала алмадық», — деп жауап берді.

Жиында «Балдәурен» ойынсауық орталығының қашан қайтадан іске қосылатыны жөнінде де сұрақ болды. Белгілі болғандай, аталмыш ойын-сауық орталығы Дөң-тау кен байыту комбинатына тиесілі. Аудан әкімі орталықты іске қосу жайында оның басшысымен келіскенін айтып,



ғимаратында қала халқымен кездесуде алғашқы сұрақтардың бірі Нұрлыбаева көшесін жарықтандыруға қатысты болды. Оған аудан әкімі биыл 19 көшені жарықтандыру жоспарда бар екенін және аталған көше солардың қатарында екенін жеткізді.

Сондай-ақ тұрғындар қаланың кіреберісіндегі қошқар бейнесіндегі ескерткішті жаңартуды сұрады. Бұл ұсынысқа А. Бекет: «Ескерткішті қалпына келтіру жұмыстарын өткіземіз. Әзірге

жоспарға сай мамыр айында жөндеу жұмыстары жүрсе, маусымда балалардың пайдалануына берілетінін мәлімдеді.

Одан бөлек тұрғындар үйлердің нөмірлері кезек-кезек орналаспанын айтып, қала халқы мен қонақтары межелеген жерді оңайлықпен таппайтынын тілге тиек етті. Аудан әкімі көшелердің атауларын өзгерту үшін құжаттама дайындалып жатқанын, тақтайшалар заманға сай жасалып, QR код орнатылатынын белгілі етті.

Сонымен қоса кездесуде тұрғындар 23 квартал ықшам ауданындағы трансформаторды ауыстыру жөнінде сұрақ қойды.

— *Биыл бір трансформаторды ауыстырдық. Биыл тағы да біреуін ауыстырамыз. Оған қаражат бөлініп, трансформатор сатылып алынды. Енді оны орнатуды қар көпкеннен кейін бастаймыз, —* деп жауап берді бұл сұраққа А. Бекет.

Жиында ірі бастама — «Ақтөбе-Қарабұтақ-Ұлғайсын» жобасы да сөз болды. Тұрғындар оның қашан іске асатыны жөнінде сұрады. Аудан әкімі қала халқына: «Жоба сараптама кезеңінен өтті. Облыс орталығы мен аудан арасында алда үлкен төрт жолақты жол салынбақ. Жоба күрделі болғандықтан, екі-үш жылға да созылуы мүмкін», — деді.

Кездесуде аудандық газ шаруашылығының директоры Алтынбек Нұғманов облыс бойынша бірнеше үйде газ баллон жарылуы салдарынан қайғылы оқиға орын алғанын жеткізіп, халықты абай болуға шақырды. Газ шаруашылығы директорының айтуын-

САЙЛАУДЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ
КЕЗЕҢІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудандық аумақтық сайлау комиссияның ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасындағы сайлау процесі: теория және практика. Үгіт-насихат кезеңі» тақырыбында жиын болып өтті. Оған комиссия мүшелері, округтік сайлау комиссияларының төрағалары, мәслихат депутаттығына кандидаттар және олардың сенімді өкілдері қатысты.

Жиында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрпейіс Сәрсенбаев үгіт-насихат кезеңіндегі әдіс-тәсілдер жөнінде айтты. Ол ел бойынша үгіт-насихат кезінде белсенділік танытып жүрген азаматтарды мысалға келтірді. Сондай-ақ сайлау кезінде заңдылықтың сақталуы да шарт екенін тілге тиек етіп, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға тыйым салынатынын айтып өтті.

Жауап бергендегі бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен шығу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік беретінін айта келе, аталған тақырыпты егжей-тегжей түсіндірді.

Шара барысында үгіт-насихат кезеңіндегі заңдылықтың сақталуы туралы аудан прокурорының орынбасары Айбар Ақылбекұлы баяндады.

— Аудан мәслихатының депутаттығына кезектен тыс сайлау тағайындалған күннен бастап біз прокуратура органдарының алдына заңнамамен қойылған міндеттерді атқарудамыз. Олардың ішіндегі басым бағыт — сайлау науқанының барлық кезеңінде заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды қамтамасыз ету. Ағымдағы жылғы 19 наурызға тағайындалған сайлаудың ерекше маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, оны өткізу барысында барлық сайлау науқанына қатысушыларды заңдарда белгіленген талаптарды мұлтіксіз сақтауға шақырамыз, — деді ол.

Жиын соңында кандидаттар мен олардың сенімді өкілдері аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына сұрақтарын қойып, толық жауап алды.

Ж. ӨТЕУЛІ

БІЛІМ

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТІЛДІ

Сурет үйірмесінің жетекшісі, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы атанған оқушылардың ұстазы Клара Төлепбергелқызы арналған «Ұстаз — ұлағатты есім» тақырыбында шығармашылық кеш өтті. Шараға аудандық білім бөлімінің басшысы Нұргүл Қалниязова, ардақты ұстаздың оқушылары мен әріптестері қатысты.



Клара Төлепбергелқызы — Мектептен тыс білім беру орталығының «Ультрамарин» үйірмесінің жетекшісі. Ол 1978-1982 жылдар аралығында Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде сурет-бездендіруші мамандығы бойынша оқыған. Еңбек жолын 1982 жылы аудандық мәдениет үйінен бастаған. Ал Мектептен тыс білім беру орталығына 2006 жылы орналасып, осы күнге дейін облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда жүлдеге иеленген талай шәкіртті тәрбиеледі.

Шығармашылық кеш ұстаздың және оның оқушыларының туындыларымен танысудан басталды. Одан кейін аудандық білім бөлімінің басшысы Нұргүл Қалниязова сөз кезегін алып, Клара Төлепбергелқызына биік шыңдарға жеткен оқушыларды тәрбиелегені үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар ұстаздың әріптестері де жылы лебізін білдірді.

Клара Төлепбергелқызының негізгі оқыту бағыты — оқушы бойынша шығармашылықты сіңдіру, өнерге баулу. Шара барысында ұстаздың оқушыларының бірі — Амангәли Арынғазы ұстазына сый-сияпатын табыстады.

— *Сурет үйірмесіне бес жасымнан бастап бардым. Алғашқы жылдары сурет салуға мүлде ікемім болмаған еді. Шебер салынан туындыларға тек қызыға қарайтынмын. Бірақ Клара Төлепбергелқызы: «Егер олардың қолынан келсе, оны сен де жасай аласың. Мүмкін емес нәрсе жоқ» деп қылқаламды қолыма ұстатып, мені осы өнерге баулыды. Қазір өзім де ұстаздық қызметті атқарып жүрмін, —* деді Арынғазы.

Шара барысында концерттік бағдарлама да ұйымдастырылды. «Шалқым» домбыра үйірмесінің жетекшісі Мәдижат Аманкелдиев және оның оқушысы Бекзат Орынбеков «Телікрен» халық күйін орындады. Сондай-ақ «Шабыт» үйірмесінің оқушылары «Айжан қыз» биімен көштің сәнін келтірді.

Өз тілшіміз

ДӨҢ АУЫЛЫНДА
«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНА
13 АЗАМАТ НИЕТ БІЛДІРДІ

Аудан әкімі Азамат Бекет Дөң ауылының тұрғындарымен кездесті. Жиында жақында іске асқан жұмыстар айтылып, жоспарлардың жайы жеткізілді.

Биыл Дөң ауылында Қозбағаров, Геолог, Бейбітшілік көшелерінің жарық шамдары қосылған. Көптен бері шешімін таппай келе жатқан газ қысымына қатысты мәселенің де түйіні шешілген. Нақтырақ айтқанда, Бейбітшілік, Мәмедова көшелерінің газ қысымдары ретке келтірілген. Сонымен қатар желтоқсан айында ауылда екі жылы аялдама салынған. Жарықтандыру жұмыстары да ойдағыдай жүргізіліп келеді. Ауыл әкімінің айтуынша, жоспарда ауыл көшелерінің бірін қалдырмай жарықтандыру бар. Мәселен, келесі жылы Жамбыл Амангелді, Байғанина, Бейбітшілік, Беркімбаева және Мәмедова көшелері жарықтандырылмақшы.

Кездесуде ауыл тұрғындары өздерін толғандарған бірқатар сұрақтарды қойып, талап-тілектерін жеткізді. Тұрғындардың бірі халық арасында Дөң ауылының атауын өзгерту жайында хабар тарап жатқанын айтты. Аудан әкімі оның жоспарда жоқ екенін жеткізді.

Жиында тұрғындар ауылдың

орталық көшелерінде иесіз жылқылардың жүретінін айтып, оған қатысты шара қолдануды сұрады. Аталмыш сауалға ауыл әкімі Ербол Аққұлов жауап берді. Ол ауылдағы үйлерді аралап, жылқы ұстап отырған азаматтардың тізімін жазу бойынша іс-шаралар атқарылғанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар жиында тұрғындар бағаны тұрақтандыруға қатысты қандай шаралар іске асырылып жатқаны жайында сауал қойды. Бұл сұрақ бойынша аудан әкімі азық-түлік бағасы бойынша мониторинг тобы құрылғанын және алдағы уақытта облыс көлемінде дүкендерде бір ғана тауар жеткізуші ұйым болатынын ауыл халқына белгілі етті. Сондай-ақ ол азық-түлік бағасының тұрақтылығына «Ауыл аманаты» жобасының оң әсер ететінін айтып өтті.

— *Қазір «Ауыл аманаты» жобасы бойынша иесіз беріліп жатыр. «Ауыл аманаты» жобасына Дөң ауылынан 13 азамат ниет білдіріп отыр. Оның тоғызы құс шаруашылығымен, екеуі наубайхана, біреуі қызанақ пен*



қияр өсіретін жылыжай және тағы біреуі гүл өсіруді көздеп отыр. Олар өнімдерін өз ауылдастарына арзан бағада сатуға мақсат етеді, — деді А. Бекет.

Кездесуде ауылды көгалдандыру, көшелердегі қоқыс мәселесіне де қатысты ұсыныстар ай-

тылды. Аудан әкімі тұрғындарды мазалаған сұрақтар қарастырылатынын жеткізіп, ұсыныс-пікірлер хаттамаға енгізілетінін айтты.

Ж. ӨТЕУЛІ

19

НАУРЫЗ

МАРТА

2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ

МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА

И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АУЫЛ АМАНАТЫ

СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ «СТУДЕНЧЕСКАЯ ШКОЛА БИЗНЕСА»

В рамках программы «Ауыл аманаты» Палата предпринимателей Актюбинской области намерена запустить совместный с высшим сельскохозяйственным колледжем им.Ш.Берсиева проект «Студенческая школа бизнеса».



Начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства РПП Ержан Нурғалиев и эксперт отдела развития человеческого капитала РПП Азамат Бурумбаев встретились с директором учебного заведения Касымбеком Алдияровым, обговорили пути и механизмы реализации идеи.

Это проект, нацеленный на рост профессионализма в агропромышленном комплексе среди учащихся и преподавателей учебного заведения.

Основной целью образовательного проекта является разработка и поддержка проектов учащихся колледжа в сфере АПК на всех этапах развития: от разработки идеи до её коммерциализации, а также повышение у них финансовой грамотности, предпринимательских навыков, ознакомление с мерами государственной поддержки предпринимателей, занимающихся сельским хозяйством.

Обучение будет проводиться по отдельным направлениям: садоводство, овощеводство, тепличное хозяйство, овцеводство, рыбоводство, агротуризм и пр.

«Будут привлекаться руководители крупных сельхозформирований региона, эксперты отрасли АПК, бизнес-тренеры Палаты предпринимателей и т.д. В план работы будут включены такие курсы, как маркетинг, финансовые и нефинансовые сервисы, сельскохозяйственные кооперации, цифровые решения, каналы сбыта, продвижение брендов и тд. Для нас важно через проект поменять мышление молодых людей, выбравших специализацию в сельском хозяйстве, научить коммерциализировать свои знания, а также содействовать повышению престижа сельхозотрасли», – прокомментировала директор РПП Дана Бекбауова.

Пресс служба

ПОЕЗД И АВТОВОЗ СТОЛКНУЛИСЬ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ. ВОДИТЕЛЬ ПОГИБ



20 февраля, примерно в 15:50 на железнодорожном переезде «Жазык», что по дороге из Актобе в Хромтау произошло ДТП. Погиб водитель автовоза, передает «Диалог» .

На переезде работает светофор, был слагбаум. По предварительным данным, водитель автовоза, несмотря на красный сигнал светофора, проехал вперед и столкнулся с поездом. От столкновения водитель получил травмы. Была вызвана скорая медицинская помощь, но полученных травм мужчина умер по пути в больницу. Другие обстоятельства столкновения уточняются.

История гражданина Н. яркий пример познания основ религии из всемирной паутины, когда в поисках ислама, он начал изучать разнообразный контент религиозных пабликов из платформ популярных в стране социальных сетей, а в итоге встал на путь нетрадиционного ислама, как и сотни казахстанцев дополнив ряды псевдосалафитов.

Почему так происходит, когда молодые люди получая религиозные знания из сети становятся адептами нетрадиционных и деструктивных религиозных течений.

Опасность соцсетей для познания религии

По мнению зарубежных и отечественных экспертов, сегодня не осталось практически платформ социальных сетей где не представлены группы/сообщества/каналы/аккаунты деструктивных религиозных течений и международных террористических организаций.

Причиной этому является высокая заинтересованность деструктивных религиозных течений (далее – ДРТ) в рекрутинге и привлечения в свои ряды наибольшего количества новых неофитов (неофит – отреч. Языка новый последователь).

Новый последователь течения – это лицо, которое несет в себе ценность как источника распространения идеологии течения в кругу близких и знакомых, а также как финансовый источник обогащения, от выплаты финансовой помощи до пожертвования в виде недвижимости и т.д.

Почему люди потребляют именно контент ДРТ?

Отличить достоверное религиозное знание от искаженного/сомнительного может только человек имеющий соответствующее начальное религиозное/теологическое образование, однако в большинстве случаев из практики молодежи которая хочет изучить религию в разных ее аспектах, то увлелись без начальной базы, источником знаний для которых были просто разговоры знакомых и поверхностные знания. Поэтому при поисках знаний об исламе, в большинстве случаев заходят на псевдосалафитские паблики.

ПРИЧИНАМИ ТОМУ ЯВЛЯЮТСЯ:

– все псевдосалафитские паблики имеют названия отличные от страни исламских рели-



ХОТЕЛ ПОЗНАТЬ ИСЛАМ В СЕТИ, НО НАШЕЛ САЛАФИЗМ

водом и озвучкой).

– контент пабликов псевдосалафизма подобран под наиболее распространенные запросы пользователей в поисковых запросах по тэгам «что такое ислам, «как правильно читать намаз» и т.д., а значит в эти паблики составляют первые позиции на страницах поисковиков – Google, Яндекс, Opera и др.

МНЕНИЯ ЭКСПЕРТОВ

Азат Тасболат, директор КГУ «Информационно-аналитический центр по вопросам религий» УДР Мангистауской области: – Сегодня псевдосалафитские паблики есть на всех существующих платформах социальных сетей и мессенджеров. Они по содержанию хорошо продуманы, все материалы имеют графическую обработку, интересный контент по исламу, но содержащими искажения в части объяснения содержания аятов и сур Корана.

Отличить по контенту псевдосалафитские от страниц Духовного управления мусульман Казахстана или ханафитского направления крайне сложно для пользователей, имеющих на-

чальные знания ислама или не знающих на слух запрещенных псевдосалафитских проповедей.

Поэтому нужно остерегаться подобных пабликов, а искать страницы и каналы Духовного управления мусульман Казахстана, они также есть на платформах социальных сетей.

Абдуссамад Махат, теолог: – Именно на интернет приходится наибольшее распространение пропаганды салафизма. Салафиты легко и свободно, но в тоже время убедительно и аргументировано для малограмотной в вопросах религии части молодежи, проповедуют салафитские идеи и религиозные взгляды, доказывая «ошибочность» того, что излагают имамы в мечетях в рамках традиционных мазхабов. К сожалению, такая картина присуща всей аудитории постсоветского пространства. Получайте начальные знания в стенах курсов при мечетях Духовного управления мусульман Казахстана, так вы обезопасите себя и близких от сомнительной информации и вовлечения ряды ДРТ».

Источник: kazislam.kz

«ҚОПА АУЫЛДЫҚ ОҚРУҒЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ

«Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қопа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, ҚР Экологиялық кодекстің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2023 ж. 31 наурызда сағат 12.00-де Ақтөбе облысы, Қопа ауылы Мәншүк Мәметова көшесі, 20, Мәдениет үйінің ғимаратында, «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қопа ауылында жануарлардың өліктерін жоюға арналған крематорий құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі. Карантин ұзартылған жағдайда бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасындағы бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Тыңдауға қатысу үшін <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXIBVnIxb2F0RTg0cGhHV002OFRjd209c0ltemci> бойынша өту қажет. Конференция идентификаторы: 253 810 1026, Кіру коды: 0ShUIN

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қопа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ЖШС – БСН 970140004175, мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Қопа ауылы Мәншүк Мәметова, 22. Тел +7 707 113 1797

Әзірлеуші - ИП «Керімбай Т.» +7 701 469 4050. Ақтөбе қ. Батыс-2, 8 үй, 85 кабинет, тел/факс: 87132416046, e-mail: kerimbay07@mail.ru ИИН: 621010302022

Жергілікті атқарушы орган «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8-7132-55-26-28, expert_oos@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> болады.

Барлық ескертпелер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

ЕРТЕҢ ЕЛІМІЗДЕ АУА-РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

23 ақпан күні елдің солтүстігінде, орталығында және шығысында қар жауып, көктайғақ күтіледі. Ресубликаның қалған аумағында антициклон жотасының әсерінен жауын-шашынсыз ауа райы сақталады. Жекелеген өңірлерде тұман, екпінді жел болжанады. ҚазАқпарат бұл туралы Қазгидрометке сілтеме жасап хабарлайды.

Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде, Атырау облысының батысында, орталығында солтүстігінде, Ақтөбе облысының солтүстігінде, оңтүстік-шығысында, орталығында, түнде және таңертең Маңғыстау облысының орталығында тұман болмақ.

Ал Хромтау ауданында жел 40 км/с болады деп болады деп болжанады.



ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открыто наследственное дело на имя Штыкель Ольга Викторовна 11 августа 1983 года рождения, умершей 25 января 2022 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, пр. Абая, 1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Слонова Ира Казбековна 04 мая 1952 года рождения, умершей 27 февраля 2019 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, пр. Абая, 1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Норкин Юрий Юрьевич 22 февраля 1968 года рождения, умершего 21 декабря 2022 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, пр. Абая, 3 к Беркимбаеву О.К.

Пропуск на имя Дайыров Ж.М. в связи с утерей считать недействительным.

«Хабар-Сервис» баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К».

Басылу сапасы жөнінде 40-04-00 телефонына хабарласуға болады

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1150 дана. Тапсырыс 260

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен қолжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакцияның мекенжайы: Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9 телефон: 27-7-45



Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ